

**ЎЗБЕКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ЖОҒАРҒЫ ЖӘНЕ ОРТА
АРНАУЛЫ БІЛІМДЕНДІРУ МИНИСТРЛІГІ
БЕРДАҚ АТЫНДАҒЫ ҚАРАҚАЛПАҚ МЕМЛЕКЕТТІК
УНИВЕРСИТЕТІ
ҚАРАҚАЛПАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ ФАКУЛЬТЕТІ
ТҮРКІ ФИЛОЛОГИЯСЫ КАФЕДРАСЫ**

Факультет деканы:

_____ **доц. Тұрдыбаев Қ.**

«_____» _____ **2014 ж.**

**5220100-филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)
бакалавр бағдарының 4-курс студенті Бейсенова Индираның
«Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі лексикалық ерекшеліктер»
(Қарақалпақстан қазақтарының солтүстік-шығыс говоры материалында) деген**

тақырыптағы

БІТІРУ - МАМАНДЫҚ ЖҰМЫСЫ

Қорғауға рұқсат берілді

**Түркі филологиясы
кафедрасының меңгерушісі**

_____ **Адилова Г.**

Ғылыми жетекшісі:

_____ **үлкен-оқытушы Ж.Асанова**

НӨКІС-2014 жыл

Мемлекеттік аттестация комиссиясының

ҚАУЛЫСЫ:

**5220100- филология және тілдерді оқыту (Қазақ филологиясы)
бакалавр бағдарының 4-курс студенті Бейсенова Индираның
«Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі лексикалық ерекшеліктер»
(Қарақалпақстан қазақтарының солтүстік-шығыс говоры материалында) деген
тақырыптағы бітіру-мамандық жұмысына**

« _____ » балл қойылсын

МАК бастығы: _____

МАК орынбасары: _____

МАК мүшелері:

**Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі
лексикалық ерекшеліктер**

ЖОСПАРЫ:

Кіріспе

I. Негізгі бөлім

1. Қарақалпақстан қазақтары тілінің зерттелу тарихы

**II. Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі лексикалық
ерекшеліктер**

1. Говордағы сөздерді лексика-семантикалық топтарға топтастыру

2. Синонимдер

3. Көп мағыналы сөздер мен омонимдер

4. Табу және эвфемизмдер

Қорытынды

Әдебиеттер

Кіріспе

Халық тілінде кездесетін жергілікті тіл ерекшеліктері - тіл зерттеушілердің назарын ертеден аударып келе жатқан құбылыстардың бірі. Қай тілден болсын осы жергілікті деп аталатын тіл құбылыстарын кездестіретіміз анық. Бірінде аз, бірінде көп дегендей, әйтеуір, мұндай жергілікті өзгешеліктердің барлық тілде бар екені рас. Қазақ тілі де осы сияқты, қазақ жұрты тараған өкілдердің бәрінде де сол жердің әрқайсысындағы қазақтардың тіліне тән сөз ерекшеліктерінің бар екені байқалып жүрген жайт. Мұны ғылымда диалектілік құбылыстар деп атайды. Диалектілік құбылыстар – халық тілінің жемісі, халық тілі дамуының кезеңі тудырған тіл құбылыстары. Әрбір өлкеде тұратын қазақтардың тілінде кездесетін бұл секілді тіл айырмашылықтарының пайда болуының тарихи сыры бар. Мәселен, біз осы еңбекте сөз еткелі отырған Қарақалпақстан жерінде тұратын қазақтардың тіліндегі диалектілік айырмашылықты алатын болсақ, олардың көбінің-ақ түптеп келгенде із-өкшесі қарақалпақ тілінде, соннан кейін өзбек, түркімен тілдеріне қатысты екенін көреміз. Мұның себебін түсіну онша қиын емес. Бұл жерде тұратын қазақтардың ежелден қарақалпақ, өзбек, түрікмен жұртымен іргелес, қоныстас, ағайындас ел болғанымен байланысып жатыр. Ұзақ жылдық тілдік қарым-қатынас нәтижесінде осы аймақ қазақтарының тіліне аталған тілдерден ауысқан сөздер аз емес. Ол сөздер өздері енген тілге әбден етене болып, сіңісіп кеткен. Демек, мұндағы біздің айтайық дегеніміз - қазақ тілінде де жергілікті тіл айырмашылығы бар екендігі, сосын оның өзі кездейсоқ пайда болмағандығы, белгілі тарихи дамудың нәтижесінде туған тіл құбылыстары екендігі. Әрине, бұл құбылыстардың көлемі барлық өлкенің қазақтары тіліне ортақ құбылыстармен салыстырғанда әлдеқайда аз. Бірақ көлемі жағынан қанша шағын болғанмен, бұл өзгешеліктерді ескермеуге де болмайды. Әдеби тіліміздің халық тілі негізінде дамып отырғаны белгілі. Халық тілі, халық диалектілері - әдеби тілді байытудың қайнар бұлағы. Бірақ әдеби тіл халық тілінің материалына талғаусыз қарамайды. Оның ішінен өзіне керегін сұрыптап, елеп-екшеп алады. Жергілікті халық тілі әдеби тілмен осындай тығыз

байланыста болғандықтан оның жай-жапсарын жақсы біліп отыру, әрине аса қажет. Әдеби тілде сөйлеуге үйрену, сөз өнеріне жаттығу мектеп қабырғасында қалыптасатын нәрсе болғандықтан, жергілікті тіл ерекшеліктері жөнінде хабардар болу – тіл пәнінің мұғалімдері үшін өте қажет. Мектептің қайсысын алсақ та, жергілікті халықтың қайнаған ортасына орналасқан мекеме екенін жақсы білеміз. Ал оқушы болса, сол жергілікті халықтың кішкене бір өкілі ғой. Оның тілінің де өзі туып-өскен ортасының тілінен, ата-анасының тілінен алшақ болмайтыны түсінікті жайт. Демек, әр оқушыны әдеби тілде сөйлеуге, әдеби тілде жаза білуге жастай баулитын негізгі орта – мектеп. Міне, осыдан кейін жергілікті тіл ерекшелігі деген не, оның әдеби тілге қарым-қатынасы қандай деген жайдан мұғалімдердің, әсіресе тіл пәні мұғалімдерінің хабардар болу қажеттігі туады.

Біз бұл бітіру-мамандық жұмысында Қарақалпақстан өлкесінде тұратын қазақтардың тілі туралы кейбір деректерге тоқталмақпыз. Әрине, мұнда беріліп отырған тікелей методикалық нұсқаулар жоқ. Алайда қазақ тілін оқытатын мұғалімдердің өз оқыту тәжірибесінде назар аударарлық кей жерлер туралы бұл еңбектен керекті мәлімет алары даусыз.

Негізгі мәселеге кіріспес бұрын осы жерде мына бір жайды ескерте кетудің қисыны бар. Халық тіліндегі жергілікті ерекшеліктерді зерттейтін ғылым - диалектологияда мұндай әр өлкеге тән тіл құбылыстарын диалектілік ерекшелік деп атайды. Белгілі бір аймақтың тұрғын халқының тіліне тән диалектілік ерекшеліктер өзара ұқсас болады. Мұндай бір-біріне ұқсас құбылыстар белгілі ауданның, облыстың, яки жалпы бір территориялық аймақ халқының тілін қамтуы мүмкін. Мұндай бір жүйелі ұқсас диалектілік құбылыстары бар территорияны тіл білімінде **диалект** немесе **говор** деп атайды. Мұның қазақ тіл білімінде көбірек қолданылып жүргені - соңғы **говор** деген термин. Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тіліндегі жергілікті ерекшеліктер деп қайта-қайта айтып жатпау үшін, жұмысымызда тілі әңгімеленіп отырған өлкедегі қазақтар тілін говор деп атап отырмыз. Сондықтан бұл еңбекте говор

сөзі жеке кездескен жерде оны Қарақалпақстан территориясында тұратын қазақтардың тілі туралы айтылып отыр деп ұғыну керек.

Тілді зерттеу мәселесі жергілікті халықтың тарихынан бөлек қаралмайтыны белгілі. Осы үшін де жұмыста Қарақалпақстанда тұратын қазақтар тарихына, өмір тірішілігіне қатысты басқа да бірсыпыра жайлар туралы сөз болады.

Біз бұл бітіру-мамандық жұмысында негізінен Қарақалпақстанның солтүстік аудандарында тұратын қазақтардың тіліндегі лексикалық құбылыстарды қазақ әдеби тілінің лексикалық құбылыстарымен салыстыра зерттеуді мақсат еттік.

Қарақалпақстанның солтүстік-шығыс аудандары: Тахтакөпір, Мойнақ, Қараөзек, Кегейлі, Шымбай аудандарында тұрушы қазақтардың тілін лексикалық тұрғыдан сөз еткенде, онда қазақ әдеби тілінің лексикалық нормасынан аса зор ауытқушылықтардың бар екенін айтуымыз керек. Мұндай лексикалық құбылыстардың ең бастылары деп синонимдер, омонимдер, көп мағыналы сөздерге байланысты құбылыстар, жергілікті халық тіліндегі сөздердің лексика-семантикалық өзгешеліктерін атауға болады.

I. Негізгі бөлім

1. Қарақалпақстан қазақтары тілінің зерттелу тарихы

Өткен тарихқа көз салатын болсақ, Қарақалпақ жеріне қазақтардың қоныстануы, осы аймақты мекендеуші түркі халықтарымен аралас отыруы бір ғасырдың іші емес, бірнеше ғасырлық уақытты қамтиды. Қарақалпақтар мен қазақтар ертеден Сырдария, Қуандария және Жаңадария бойларын бірге жайлаған. Олардың кәсіптері де, тұрмыс-тіршіліктері де ортақ болғаны белгілі. Сондықтан олар сыртқы жауларға қарсы бірге күресіп отырған. 1710-жылы қазақ және қарақалпақтардан құралған әскерлер жоңғарларға қарсы күресіп, оларды шығысқа қарай қуған. Бұл оқиға қазақтардың тарихында «Ақтабан шұбырынды, алқакөл сұлама» деп аталды. Осындай жағдайлар нәтижесінде қазақтар өздерінің атамекенін тастап көшуге тура келген. Орта жүз Ходжентке, кіші жүз рулары Хиуа хандығының шегарасына, Қарақалпақ аймағының шегарасына дейін барады. Қазақтардың Қарақалпақстанға қоныстануын зерттеген тарихшы ғалымдардың еңбектерінен де көреміз¹.

Осындай бірнеше ғасырлардан бері жасап келе жатырған қазақтардың ауызекі сөйлеу тілінде тілдік өзгешеліктердің, көршілес тілдердің әсерінің болмауы мүмкін емес.

Қарақалпақстандағы қазақтар тілінің зерттелу тарихына келсек, қазақтардың тілі туралы ең алғашқы мәліметті Н.А.Баскаков еңбектерінен көреміз. Н.А.Баскаков 1950 жылдарда-ақ қарақалпақ және қазақ тілдерінің өзара әсері нәтижесінде Тақтакөпір ауданында аралас говордың пайда болғанын және оның қарақалпақ тілінің солтүстік-шығыс диалектісіне жататынын айтып өткен еді.

Алғаш Н.А.Баскаков түркі тілдерін салыстырып зерттеу мақсатында Қарақалпақстанда жасаушы қазақтардың тілінен бағалы материалдар жинаған. Сол уақыттың өзінде-ақ *ұйуқладым, зарры, кәмпир, сол ұақлары, дайы, жипек* т.б. сөздерді солтүстік аудандарда жасаушы қазақтардың тілінен кездестірген².

¹ Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амурдарьи. Ташкент. Фан. 1966. с.36.

² Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. I. Материалы по диалектологии. Москва. АНССР. 1951. с.4.

Н.А.Баскаковтың «Қарақалпақ тили» атты еңбегінің бірінші томындағы қазақтардың тілінен жиналған бағалы материалдар бірнеше ғылыми зерттеу жұмыстарының зерттеу объектісі болды. Ғалымның бұл еңбегінде қазақ тілі үшін ғана емес, өзбек, түркмен тілдері үшін де құнды материалдар бар. Қарақалпақстандағы қазақтардың тіліндегі ерекшеліктер қазақ ғалымдарынан ең алғаш профессор Ә.Құрышжанов тарапынан үйренілді¹.

Ол 1960-жылы Қазақстан Ғылым Академиясы ұйымдастырған экспедицияның құрамында келіп, тілші ретінде осы жерде жасайтын қазақтардың тілінен материалдар жинап «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясы» деген жинақта мақала жариялайды. Ғалым бұл еңбегінде Қарақалпақстан қазақтарының сөйлеу тілінде кездесетін ерекшеліктердің көп түрін көрсеткен. Осы ерекшеліктердің келіп шығуының екі түрлі себебін көрсеткен. Біріншісі, көрші туыстас тілдердің әсерінен пайда болған ерекшеліктер болса, екіншісі тілдің тарихына байланысты келіп шыққан құбылыстар. Қазақтардың тіліндегі кейбір құбылыстардың көптеген түркі тілдерінде кездесетінін көрсетіп берді.

Ә.Құрышжанов өзінің ғылыми еңбектерінде Қарақалпақстанда тұратын қазақтар мен қарақалпақтардың тілінде қатар қолданылатын сөздердің қазақ тілінің басқа говорында кездеспейтінін, оның басты себебі нағыз жергілікті ерекшеліктер, қарақалпақ тілінен кірген сөздер деп көрсеткен².

Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың тіліндегі өзгешеліктердің жүйелі түрде зерттеген Н.Жүнісов болып есептеледі. Н.Жүнісовтың 1981 жылы «Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері» деп аталатын монографиясы жарияланды. Оның еңбектері Қарақалпақстанның солтүстік аудандарында жасаушы қазақтардың сөйлеу тіліне арналған. Солтүстік аудандардағы қазақтардың тіліндегі фонетикалық ерекшеліктердің келіп шығу себептерін көршілес, туыстас тілдердің әсері деп көрсеткен. Сондай-ақ лексикалық,

¹ Құрышжанов Ә. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы. Ғылым. 1963. 156-267 б.

² Құрышжанов Ә. Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы. Ғылым. 1973. 126-б.

морфологиялық өзгешеліктерді, қосымшалардың этимологиясына тиісті ескі түркі тіліне тиісті факттерді көрсетеді¹.

Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарындағы қазақтардың тілін зерттеген Б.Бекетов, өзінің ғылыми еңбектерінде Қарақалпақстанның оңтүстік аудандарындағы қазақтардың тіліндегі фонетикалық, лексикалық, грамматикалық өзгешеліктерді анықтайды. Қарақалпақстанның солтүстік аудандарындағы қазақтардың тілін өз алдына бөлек говор деп көрсетеді. Мұндағы қазақтар өзбек, түркмен, қарақалпақтармен көп жылдардан бері көрші ғана емес, аралас өмір сүріп келе жатыр. Соның нәтижесі – қазақтар өз тілінде сөйлеумен қатар өзбек, түркмен тілдерінің элементтерін меңгеру арқылы көп тілділік (полилингвизм) сипатын бойына сіңірген деп, ғалым бұл говорды полилингвизм сипатында бағалайды².

Бір тіл мен екінші тілдің арасында ортақ белгілердің, ұқсастықтардың болуы – сол тілдердің төркініндегі туысқандықты және осы тілдер арасында кейінгі дәуірлерде болған сөз алмасу құбылыстарын көрсетеді. Осындай сөз алмасу құбылыстарының немесе бір тілдің екінші тілге әсерінің тілде көрінуі екі халықтың арасында бүгінгі күнде болып жатырған немесе өткен тарихта болып, қазір ізі өшіп кеткен тілдік қарым-қатынастардың дәлелі болады. Тіл мен тіл арасындағы осындай қатынасты зерттеу – тіл білімінде **тіл контактысы** (языковой контакт)³ деп аталып, ол бүгінгі күнде зерттеуді талап ететін актуаль проблемалардың бірі болып есептеледі.

Осы көзқарастан қазақ тілін қарақалпақ тілімен салыстырып зерттеу және Қарақалпақстанда жасаушы қазақтардың тілі мен қарақалпақ тілінің өзара әсерін зерттеу, жергілікті қазақтардың тіліндегі әртүрлі тілдік өзгешеліктерді зерттеу бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстары алып барылып жатыр. 2006-жылы Ш.Құдиярова «Қарақалпақ хәм қазақ тілдеріндегі сөздердің лексика-

¹ Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы. Мектеп. 1981. 134-б.

² Бекетов Б. Қарақалпақ қазақтарының тілі. Алматы. Рауан. 1992. 124-б.

³ Омарбеков С. Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар. Алматы. Ғылым. 1978. 3-б.

семантикалық өзгешеліктері» деген тақырыпта кандидаттық диссертация қорғады. Оның ғылыми жұмысында қарақалпақ және қазақ тілдерінің даму басқыштары (V-XIV), қарақалпақ және қазақ тілдері лексикасындағы айырмашылықтар мен ұқсастықтар, қарақалпақ және қазақ тілдеріндегі кейбір сөздердің семантикасы, кейбір фразеологизмдердегі өзгешеліктер кең түрде зерттелген.

Зерттеуші Г.Адилова Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі этнографиялық лексикасы бойынша зерттеу жүргізіп жатыр. Ол жергілікті қазақтар тіліндегі әдет-ғұрыпқа байланысты материалдар жинап, бірнеше ғылыми мақалалар жариялады. Г.Адилованың ғылыми жұмыстарында Қарақалпақстанда жасап келе жатырған қазақтардың тіліндегі этнографиялық лексикадағы өзгешеліктердің пайда болуы, олардағы грамматикалық өзгешеліктер және әдет-ғұрып лексикасына туыстас қарақалпақ, өзбек, түркмен тілдерінің әсері зерттелуде.

Жалпы, Қарақалпақстан қазақтары тілінің бүгінгі күндегі зерттелуі тілдер арасындағы өзара байланыс мәселелерін шешуде өте маңызды болып есептеледі.

II. Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі лексикалық ерекшеліктер

Говордың лексикалық ерекшелігі деп, жергілікті халық тілінде қолданылатын сөздерді, әдеби тіл мен басқа говорлардың лексикасында кездеспейтін, кездесе қалса, лексикалық мағынасы ауысып, басқа мағынада жұмсалатын сөздердің тобын айтамыз. Мысалы, бұл жердегі халықтың тілінде айтылатын: *шелдеу–тегістеу; пешехана–масахана; шыра–шам; жаба–айыр; мәйек–жұмыртқа; бейтаба–шұлғау; пышқы–ара; қапы–есік; кәт–кереует; қат–бөлме; пәнжіра–фанар; құйы–құдық* сияқты сөздер қазақ әдеби тілінің басқа говорларында кездесе бермейді. Кездесе қалған күнде де көрші тілдердің лексикасымен, ескі тайпа тілдерінің лексикасымен, көне тілдің мұрасымен сабақтасып келіп, ерекше сипат алады. Сондықтан бұл жай сол көршілес тілдер мен көне элементтерінің сол территорияда өмір сүрген түрімен байланыстыра, салыстыра, ол тілдермен қаншалықты араласқанын, алмасқанын көрсету, анықтау мақсатында қаралауы керек, яғни қарақалпақ, өзбек, түркмен тілдерімен және басқа говорлармен (қазақ тілінің Маңғыстау, Арал говорлары, Түркменстандағы қазақтар тілі, Ақтөбенің Байғанин ауданында тұратын қазақтар тілі, Бұқарадағы қазақтар тілі араласқан материал ретінде жергілікті говор материалымен) бірлікте танылуы қажет.

Говордағы кейбір сөздердің әдеби тілде баламасы бар, кей сөздердің ондай баламасы жоқ, ал енді бір топ сөздер әдеби тілдегі және басқа говорлардағы мағыналарынан өзгеше лексикалық мағынада жұмсалады.

Жергілікті тұрғындар тіліндегі лексикалық ерекшеліктердің біразы тіл дамуының өткен дәуірлеріне тән, тіліміздің байырғы белгілерінің говорда сақталған ізі ретінде танылса, қалған бір сыпыра лексикалық құбылыстар көрші халықтар тілінің (қарақалпақ, өзбек, түрікмен) әсеріне байланысты пайда болған.

Бұл өлкенің тіліндегі лексикалық кірмелердің ішінде көлемі жағынан молырақ кездесетіні – қарақалпақ, өзбек, түркмен тілдерінен ауысқан сөздер. Бұлардан өзге лексикалық кірмелердің арасында мол сала ретінде

ұшырайтыны деп орыс тілінен кірген кірме сөздерді айтуға болады. Ал кірме сөздердің екінші бір тобына жататындары – араб-иран тілдерінен енген сөздер. Кірме сөздердің басқа тобының қайсысы болса да, жоғарыда аталған тілдерден енген кірмелермен салыстырғанда, жергілікті халық тілінің лексикалық жүйесінде алатын орны онша елеулі емес.

Морфологиялық сипаты жөнінен жергілікті халық тілінде кездесетін лексикалық өзгешеліктердің дені - сөз тудырушы жұрнақтардың жәрдемімен жасалған туынды сөздер.

Тұрғындардың лексиконындағы жергілікті сөздер өздерінің мағынасы мен лексикалық категорияларға қатысы жөнінен тең емес. Олардың дені әр түрлі заттар мен құбылыстың атын білдірсе, бірқатары заттар мен құбылыстардың сындық белгісін көрсетеді. Ал енді бір топ сөздердің лексикалық қызметі іс-әрекетті, қимыл процесін, сонымен бірге мезгілді, амал-әрекетті, көңіл-күйді білдіруге байланысты.

Сонымен, зерттеліп отырған говордағы лексикалық материалды жинақтай келгенде, оларды, негізінен, үш топқа бөліп қарауды дұрыс көрдік.

1) Зерттеліп отырған говордағы сөздердің лексика-семантикалық жағынан бөлінуі.

2) Түрлі лексикалық категорияларға байланысты құбылыстар.

3) Кәсіби сөздер (профессионализмдер).

Бұл топтардың әрқайсысы өз ішінен ұсақ тақырыпшаларға бөлдік.

1. Говордағы сөздерді лексика-семантикалық топтарға топтастыру

Қай тілді алсақ та, оның құрамына енетін говорлардың лексикасы сол тілдің әдеби нормалары лексикасынан алшақ кетпейді. Сондықтан зерттеліп отырған говорда қолданылып жүрген сөздердің дені жалпыхалықтық тілдің негізгі сөздік құрамына ортақ болып келеді. Мұндай жалпыхалықтық, ортақтық қасиеттер қазақ тіліне де, оның ішінде Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың тіліне, тілдік ерекшеліктеріне де тән.

Жалпыхалықтық тілдің бір бөлігі саналатын Қарақалпақстандағы қазақтар говорының лексикалық құрамы жөнінде сөз еткенде, олардың ішінде күнделікті тұрмыстағы зат атауларын, іс-әрекетті, алуан түрлі құбылыстар мен сандық-саралық белгілерді білдіретін сөздердің бар екенін айтуымыз керек. Бұл сөздердің қолданылу аясын жете тану оларды беретін мағынасына қарай топтап көрсетуді қажет етеді. Ол сөздердің көпшілігі негізгі сөздік қордағы сөздерден жасалатынын, сонымен қатар, оның әдеби тілге қатысы сияқты өзге говорларға да соншалықты қатысы бар екенін көреміз. Зерттеліп отырған говор материалдары осыны дәлелдейді. Бұл әрине, говордың лексикалық материалы бастан-аяқ әдеби тілмен бірдей деген сөз емес. Қайта, Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың тілін қазақ әдеби тілімен салыстырып қарасақ, лексикалық ерекшеліктердің мұнда көп екенін көреміз.

Біз зерттеліп отырған говордағы сөздерді лексика-семантикалық жағынан төмендегідей топтарға бөліп көрсеткен.

- 1) Үй шаруашылығына, үй жабдықтарына байланысты сөздер.
- 2) Көрпе-төсек, ыдыс-яққа байланысты сөздер.
- 3) Мата түрлері мен киім-кешекке байланысты сөздер.
- 4) Тағам атауларына байланысты сөздер.
- 5) Тұрмыс-салтқа, әдеп-ғұрыпқа, ойын-сауыққа байланысты сөздер.
- 6) Іс-әрекетті, қимылды білдіретін сөздер.
- 7) Мезгілді, амалды, көңіл күйді білдіретін сөздер.

8) Жан-жануарларға, жәндіктерге, құстарға байланысты сөздер.

9) Адамның қызметіне, психологиясына, дене мүшелеріне, халық медицинасына, туыстық қатынасына, әлеуметтік күйіне байланысты сөздер.

10) Ер-тұрманға, транспортқа, еңбек құрал-саймандарына байланысты сөздер.

11) Үй, қора-қопсы және құрылыс материалдарына байланысты сөздер.

12) Географиялық атауларға, жер бедеріне, табиғат құбылыстарына, уақыт-мөлшерге байланысты сөздер.

13) Түрлі заттық ұғымға байланысты сөздер.

14) Сындық және сапалық мағынаны білдіретін сөздер.

Үй шаруашылығына, үй жабдықтарына байланысты сөздер. Мұнда үй тұрмысындағы көрпе-төсек, ыдыс-аяқ, киім-кешектен басқа заттар қамтылады.

Арша - сандық, кебеже. Жұқа тақтайдан жасалған жәшік, сандық. *Арша* үстіне көрпе-төсек жиылған, тұстық ілінген.

Алақшын – ошақ, киіз үй ішінде қазылып жасалады. Абайла, үй ішінде қазылған *алақшын* бар.

Аншық – топса, есіктің топсасы. Қапының *аншығы* сынып кетіпті.

Ақ басқұр – үлкен басқұр, киіз үйдің керегесінің басын тартып тұратын жалпақ құр. Киіз үйіміздің *ақ басқұры* жоқ, тоқытып жатыппыз.

Аташ – ошақ қорғаны, шоқ шашылмас үшін жасалады. *Аташтан* шоқ сіпсіп кетпесін, абайла.

Азат – керегінің байланыстырылатын ең жоғары ұзын басы, басқа бастарынан *азат* шығып тұрады.

Ашқыш – кілт, құлып. Қапыға *ашқыш* сала салың, біреу-міреу, бірдеңені алып кетер.

Әлкөншек – жел бесік, бала жататын бесік. Баланың *әлкөншегін* қозғап жіберің.

Бақыр – шелек, темір, қаңылтыр шелек. Балам, сен барып олақтан екі *бақыр* су әкелің.

Баспа – қол жуатын құман. *Баспа* қайда, меймандардың қолына су құйып, ауқат таяр болды.

Боқжама – киім-кешек салатын кір қалта, дорба. Жуылған, үтіктелген киімдерді *боқжамаға* салың.

Гүржі – қоржын ілгегі, жүннен есіліп жасалған. Қоржынның *гүржісін* іле салың.

Дөкет – ұстара, өткір бәкі. Ағаның *дөкетін* тауып берің, сақал-мұртымды бастырып алады.

Дәскер – тұтқыш (казан түсірерде қол күймес үшін киеді). Мына қазанды түсірейін, *дәскерің* қәне?

Дуңгір – керосин құятын ыдыс. Лепмайға үйдегі *дуңгірді* толтырып алып қалың.

Елгезер – елеуіш, елек, сүзек. Сүтті *елгезерден* өткеріп алың, қылтық кетіп қалмасын.

Жағлан – бұйым салатын ыдыс, теріден, киізден тігіліп жасалады. Менің көйлек-жейдемді *жағланға* салып қойың.

Жайма–дастарқан.

Зәмбіл–себет. Тал шыбықтарынан тоқылған кәрзеңке.

Зұлып–есіктің құлып салатын ілмешек темірі (кекілі). Ергенектің *зұлыны* жұлыныпты.

Күнгала–былғауыш, қалақ. Құрт, сарысу, ірімшік қайнатуда былғап отыратын ағаш қалақ.

Көрүк–тандыр қақпағы, кесек қақпақ. Тандырдың қызуы кетпес үшін төбесін *көрүкпен* жауып қояды.

Кәт-төсек, кереует–Кәтке барып жатып, деміңді ала ғой.

Көпшік–бір кісілік кішкене жастық. Маған тағын бір *көпшік* беріп жіберің, биік босын.

Күрсі–орындық. Осы үйде бір-екі *күрсі* бар еді, қайда кеткен?

Қаны–есік, ергенек.

Бала биге өкпелеп

Қапысын бұзды тепкілеп,

Қыдыр батыр бұдан соң,

Дайрадан кешіп өтеді

(*Халық өлеңінен*).

Қазбай—күл алатын қалақ. Пештің күлін *қазбаймен* аламыз.

Қозақ—бөз тоқиытн өрмек, құрал. Келінім *қозақ* тоқитын еді.

Қаршы—киізден өрнектеп тоқып жасаған кебеже, көшіп-қонуға ыңғайлы болады, сынбайды.

Қолдуыш—құман, кішкене қол құман.

Лепмай—керосин, жермей. Шырағданның *лепмайы* жетер ме екен бүгінге, қарақ?

Мосы ошақ—темір ошақ, үш аяқты қазан, шәйнек ілетін ілгегі бар құрал. Көшіп-қонуда *мосы ошақты* тастамайтын едік.

Мардан—жөке қап, қанар. Суға торпақ толтырып *мардан* тастамаса, тоқтайтын емес, ағызып әкетіп жатыпты.

Маса темір—көсеу, шымшуыр.

Пешехана—шыбын, масадан қорғаныс үшін жұқа матадан тігілген масахана. Жан-жағы бітеу шымылдық. Бұл жерде *пешеханасыз* күн көру дым қиын болар.

Сабақ—тігін жібі.

Мәсуек—тіс тазалайтын, ағаштан, сүйектен жасалған шұқуыш.

Найша—кішкене құлып. Кішкене шай аршаның *найшасын* ашып жіберің, шәй-қант алалы.

Пәнжере—шамның шілтері, бақауызы.

Дагдан—тіс жуатын құрал, мәсуек.

Палас—түксіз кілем. Қуыста түрікменше *палас* ілулі.

Постын—тері тон, ішік. Күн суықта *постын* кимесе ұшып кетеді.

Сыпа—жазғы үйге салынатын нар (кесектен де сала береді, тақтайдан да сала береді). Биыл айуанға *сыпа* соқпақшымын.

Сінсе—сыпырғы. Мал ноғайда, *сінсе* тоғайда (мәтел).

Сапаяқ–жұқаяқ, арша астына қойылады. *Сапаяқ* ағаштан оюланып, арнайы жасалады.

Сытыра–нан, ұн, қамыр астына жайылатын тері. Нан жаюға *сытыраны* таба алмай тұрыптын.

Тойнақша–қоржынның құлып салатын ілгегі.

Тандыр–нан жабатын пеш. Ол екі *тандырға* қатар нан жапты.

Тәлек–астық қоймасы.

Тұзбастық–жүннен тоқылған тұз қалта.

Тапай–тезектің иленіп, кептірілген түрі. Айша қасындағы тезекті жинап, жазында *тапай* жасайды.

Түбелек–қазан астына қоятын дөңгелек темір, ағаш. Қазанды *түбелекке* аспаса, аударылып кетуі мүмкін.

Шынар қоржын–гүлді, өрнекті, ортасы түкті қоржын. *Шынар қоржынды* сыпайы жігіттер ұстайды.

Шуал–кереге басында ілулі тұратын, киім-кешек салатын тоқыма, түкті қалта, қап. *Шуалды* қалы кілемнен де, арнайы тоқып та жасайды.

Шыжбай–текемет, түрлі гүлді тұс киіз. Кигіздің *шыжбайынан* біреуі бар еді, сатылып кетті.

Шеуіш–кішкене қазан. Мосы *шәуіш*, плита *шәуіш* т.б.

Күндік–қол шаты.

Көзайна–көзілдірік.

Догалақ–іс машина жібі, сабақ жіп.

Көрпе-төсек, ыдыс-аяққа байланысты сөздер.

Ас тақта–нан тақтай, нан жаятын тақтай. Күртікті *ас тақтаға* жайып көрің.

Ақ қасық–үлкен қасық, ожау. *Ақ қасық* пенен енді бір қасық құйың.

Ат көрпе–көрпе. Келген меймандарға *ат көрпелерің* жете ме?

Бойра–қамыс, қоға түрлерінен тоқылып жасалған төсек, жерге төселеді. Ақшам *бойра* төсеп, бастырмада отырғалы.

Бадия табақ–тас табақ, тастан күйдіріліп, сырланған тайпақ табақ.

Дүмше—жез құман, көк шәйнек (шәй қайнатылады, шүмексіз). Бір *дүмше* шәй қайнатып жіберің, сусап тұрыппын.

Дағара—үлкен шара, тегене (тағам салады, кейде кір жуады).

Там басында *дағара*,

Дағара толған зағара.

Зағараны жей алмай,

Кемпір-ғарры ауара.

Жуырқан—көрпе. Мейманға таза жуырқанды бер. Түнде *жуырқан* жамылмасаңыз, жаурап қаласыз.

Жұмыр—сусын ыдысы (кейде май, қаймақ та құяды), малдың қарнынан жасалады. Малшылардың *жұмырынан* талай ауқат ішкенмін.

Жамылғыш//жамылғы—көрпе.

Тер көйлек—көйлек.

Зархом—жез құман, көк шәйнек, дүмше. *Зархомды* отқа құйып жіберің.

Көкнәрі кесе—үлкен кесе, сапар кесе. Ашығанды *көкнәрі кесеменен* ішің, шөлің қанады.

Керсен—үлкен ағаш, яки темір табақ.

Кепкір—қазан ішінен нан, ет т.б. сүзіп алатын құрал.

Көзгентай—кішкентай сырлы ағаш тостаған.

Күзе—құмыра, жіңішке мойынды, қыштан күйдірілген, сырланған ыдыс.

Керме—кереге басына керіп, іліп қоятын қалта. Мына орамалды *кермеге* сала салың.

Құм—балшықтан күйдіріліп жасалған, су құятын ыдыс.

Лауа кесе—үлкен кесе. *Лауа кесеменен* ішемін.

Ләккі табақ—ақ табақ (тайпақ табақ).

Мойнақ—торсық, түйенің мойын терісінен жасалған, ұзын мес торсық.

Метей—шелек, ағаштан жасалған, құлағының тесігі бар ыдыс. *Метей* көпшілігінде қауға орнына жұмсалады.

Нәр—мамық, құс төсек.

Самар—үлкен ағаш табақ, керсен. Кейде сеңкер деп те айтылады.

Сарқұм–кружка. Келе сала бір *сарқұм* су ішіп қойып едім.

Себет–талдан тоқылған ыдыс, кәрзеңке. *Себетпенен* жемістер, жүзімдер тасылады.

Селебе–қанжар, үлкен пышақ.

Сары қасық–ағаштан істелген үлкен қасық, ожау.

Сымшүмек–ақ шәйнек, аққұман. Шайды *сымшүмекке* салып демдеп, қайтарып барып құйың.

Табия–таба, нан жабатын таба.

Терме–алаша, тұсқа тұту үшін арналып тоқылған өрнекті алаша.

Пәрнек//пәйнек–шәйнек.

Тіс аяқ–ыдыс (стакан)–шайды *тік аяққа* құйып бере берің.

Төсек шынта–төсек астына салатын тоқылған қоға, қамыс, ши.

Телбау–шымылдыңтың бауы.

Шаттауық–от қысқыш, қысқаш, әтешкір. *Шаттауық* шоқты қысып алу үшін жасалады.

Шій қасық–шай қасық, бал қасық.

Шал–алаша. Қолдан тоқылған жақсы, қызыл ала шалымыз бар.

Шолпы–қазаннан қамыр, ет т.б. сүзіп алатын құрал. Мұның күртік *шолпы*, тары шолпы, май шолпы түрлері болады.

Шаққы–бірнеше тілді пышақ, бәкі.

Шидек–құрт жаятын кішкене ши.

Шабақша–кесе салатын ағаш ыдыс.

Шиша–бөтелке, шөлмек. Шайға құятын бір шиша сүт керек боп тұрышты.

Мата түрлеріне, киім-кешекке байланысты сөздер

Ақ кіреуке – бедерсіз ақ мата. Қарағай найза балаған, *ақ кіреуке* ки дейді.

Аребек – мұрынға салатын сырға түрі.

Ақсүн – жұқа шыт. Пешехананы көбінесе *ақсүнтен* тігіп жасаймыз.

Алишалғы – алжапқыш, жұмыс істеуге үстін білдірмес үшін киеді. *Алишалғы* қане, маған берін, үстім бүлінбесін.

Байтаба – қой, түйе жүнінен тоқылып жасалған қалың шұлғау.

Балтын бөз – сирек тоқылған қап, қанар жасайтын бөз. Дүкенге *балтын бөз* көп түсіпті.

Бәлшін//балшын – түсі ақ сарғыш, түктілеу шыт.

Бұрансыз – түсі қызылдау болып келетін шыт мата. *Бұрансыздың* еркекқол, кемпірқол т.б.түрлері болады.

Қол шаршы – бет орамал, мұрын орамал.

Малмал – жұқа матаның бір түрі.

Мәкі – кебіс. Кебістің шарық сияқты, жиегі көктелген, тұмсығы қайқы түрі.

Сіле – дәке.

Тептік – тек мата.

Термелі – түсі ақ, сәтеннен де, мықтырақ шыт мата. ***Термелі*** қолға көп түсе бермейді.

Ұштап – майда, ұсақ гүлді мата. ***Ұштаптың*** жібек, сәтен т.б.түрлері бола береді.

Бітеу етік – саптама етік.

Бестақа етік - өкшелі, жетім ұлтанды, атқа мінгенде аяққа киетін, үзеңгіге ыңғайлы етік.

Долаң//ақ долаң –шұлғау жасайтын мықты ақ мата.

Дұқат шапан – асыл матадан тігілген шапан.

Делегей малақай – бөрік, аласа бөрік.

Жегде – еркек көйлек.

Жадағай – жұқа, жағасы сырмақ шапан.

Жорап – қолдан тоқыған жүн шұлық. ***Әйел жорап, еркек жорап*** деп айтыла береді.

Жемелек – шашпау, шашқа тағатын тағым.

Жапатай – жүнін ішіне қаратып, қой, қозы терісінен тіккен бөрік, айналасы жиектеледі, тысы болады.

Кәме бөрік – кәмшат бөрік, құндыз бөріктің бір түрі (қыздар киеді).

Күмпей//гүмпей – ішік шапан, (арасына қалың етіп, түйе жүнін салған).

Кепеш – тақия, тебетай. *Баласына кепеш сатып алды.*

Құрайшы//құрайыш бөрік – құндыз бөрік.

Қызыл тон – сырты мақпалмен тысталған, іші түлкі немесе елтіріден жасалған қымбат киім.

Қаңылтақ – жібектен, мақпалдан тігілген, өзі жұқа, өзі жиі сырылған шапан.

Қарсы ілгек – ілгек, түйме, бір-біріне ілінетін екі жақты ілгек.

Камзолыма тағатын қарсы ілгек іздеп отырмын.

Қаптырма ілгек – топсалы ілгек, мұны кейде қаусырмалы ілгек деп те атайды.

Малақай – тақия, жеңіл бөрік, малақайым суға қалқып кетті.

Өңірше – күміс жалатқан үш тақталы алқа.

Өңіртал – екі тақталы, ортасында бір қарыс шынжырыбар күміс жалатқан алқа.

Өңір жиек – күміс не алтын жалатқан төрт жиекті, тақталы, ашпалы алқа.

Сырттық ішік – терінің бірыңғай арқа жағынан тігілген ішік. Сол сияқты сырттық тымақ та болады.

Собық – күміс, алтын жалатқан үш бұрышты, буынды, екі-үш түймелі сырға.

Сеңсең тон – боялған тері тон, сыртында тысы болмайды. Теріні нарқабық, нарпос (шөп аты) сияқты бояумен бояйды.

Сыпи табан етік – өкшесіз, жұқа, жеңіл мәсі орнына киетін етік. Өкшесін ұлтан ішінен салады. Асау атқа, бәйге атына мінетіндер киеді.

Сірке – түрлі зергерлік заттардың бетіне себіле түсірілген майда төмпешік нақыштар, бедерлер.

Түрме – жалпақ жібек белбеу. Ақ түрме басқа орау, тарту, жаулық үшін, қызыл түрде белге орау, байлау үшін жұмсалады.

Тегелей бөрік – жиегі елтірі, тышқан терісінен тігілетін, төрт қырлы күмбезді бас киім.

Туатаяқ – киім ілетін ілгек. Киім ілу үшін, мүйізден жасалған, киіз үйдің шаңырығына іліп қойылады.

Тізкиім – іш киім, дамбал.

Ұйық – пима.

Шарқат орамал – үлкен шашақты, бірыңғай түсті жібек орамал.

Шенік – сандал, көннен тігіледі, тек табаны бар, екі жанынан, маңдайынан жіппен ілініп, аяқтың алқымынан байланады.

Шығыт киім – ұзатылатын қызға кигізетін киім-кешек, дүние жасау. Шығыт киім, шығыт көрпе, шығыт етік деп те айта береді.

Шешер – илеусіз, тұзға піскен тері, көннен жасалған аяқ киімнің сыртынан киетін қорғаныш. Мұны кейде *шарық* деп те айта береді.

Шөггерме – сеңсең бөрік, қозының ұшы жазылмаған бұйра терісінің түгін сыртына қаратып тігеді.

Шопнаш бөрік – бас киім. Қозының терісінен тігілген бас киім.

Шаң етік – брезент етік, жазда киюге жұқа, жеңіл, салқан болады.

Шерім етік – көн етік. Әуеде бұлт болса, жерде **шерім етік** ұртын томпайтады.

Тұрмыс-салтқа, әдет-ғұрыпқа, ойын-сауыққа байланысты сөздер

Ақлай құда – ұлы, қызы ер жеткен кісілердің бір-біріне құда түсіп, жіп байлап, балаларын үйлендіруі.

Алана – әйел босанған, келіншек түскен тойларда берілетін ақшалы орамал, қаде-қаумет.

Айтымал – алым түрі, келіннің бетін ашқанда алатын алым. Келіннің бетін ашып, айтымал ал.

Бастамбарай – қаденің бір түрі. Шымылдық ішінде жатқан қыз бен жігіттің бас жағынан қыз жеңгесінің барып алатын алымы.

Дәп - дәстүр, әдет-ғұрып. Сен бұрынғы дәбінді қойып, осы елдің *дәбін* ұстайтын бол.

Көйт - асық ойынның ұтыс қорытындысы. Шахмат ойынындағы «мат» деген сияқты, асық ойынында *көйт* болады.

Қарауыл шанышқы – қарақшы басына сүйек, құс іліп қою. Далалы жерде осы уақытқа дейін әрбір үйдің есігінің алдында *қарауыл шанышқысы* тұрады.

Отырыспақ – бірігіп бас қосып кеш өткізу.

Сына – мола, қабір, бейбіт.

Сыралғы – аңшыдан алатын сый, байлау.

Қарақұлақ – ойын аты.

Қызайып – қыздардың ойнайтын ойыны. Кейде *қызайыпты* үлкен адамдар әм ойнайтын.

Қас – гауһар тас. Жүзік, білезік, көздеріне салатын түрлі түсті *гауһар тас*.

Нақыра – үлкен, ұзы сырнай. *Нақыра* тартқызып, 30 күн ойын, 40 күн тойын жасады.

Орамал той – жігіттің қызға аттанар алдында жасайтын тойы. Жігітім, *орамал тойды* қашан жасаймыз?

Ошақ бәйге – қонақ күні, тойдан бір күн бұрын берілетін тоқ бәйге (суытылмаған аттарды қосады).

Орамал – мүше (алым). Ахүнекеңнің үйіне көкнәріні салып *орамал* алдым.

Шекпеншек – бес тас ойыны.

Үсір – садақа, бітір. Алым-салықтың бір түрі, жан басына алынады.

Алып болсаң *үсіріңді*

Аулаққа сал дүсіріңді (Халық аузынан).

Қонық – кеңесу кеші.

Ұзақ базар – жексенбі базары.

Қысқа базар – сәрсенбі базары.

Шүкей – кішкене асық.

Ойласық – тойдан бұрын кеңесу.

Іс-әрекетті, қимылды білдіретін сөздер

Алжасу – жанжалдасу, ұрысу, араздасу.

Аттау – сүттің қаймағын (майын) айырып алу.

Асылу – жала жабу.

Аяздап қалу – салқын тиіп ауырып қалу.

Асықтау – жиектеу, көрпені, киімді т.б. нәрселерді жиектеу.

Бопсалау – өзімсіну, еркінсіну, сену.

Ботасу – бытысу, шатасу.

Дыққаттау – анықтап айту, пысықтап айту.

Дағыту – тарату. *Ертең оқу дағиды.*

Ерісу – жету. *Үлкен табыстарға ерісті.*

Ендеу – ену, бату. *Тамырыңды **ендет** тереңге.*

Желіндетпеу – дәмелендірмеу. *Не болса, соған оны **желіндетпеу** керек.*

Жүктеу – тиеу. *Бір машын продукт **жүктеді.***

Жантасу – жақындасу.

Жақсыдан адаспа,

Жаманға жантаспа (Мәтел.)

Зыңғыту – лақтыру.

Кезігу – кездесу. *Ондай малға әзір **кезіккен** жоқпан.*

Күзеу – тесу, ою, кеңіту.

Күрендесу – әңгімелесу.

Кежден//кежену – кежірлену, кесірлену. *Нағып **кежденіп** отырсың?*

Күсеу – тілеу, аңсау.

Қарау – тоқтау, тояттау.

Қузау//қаузау – қуу, қуғыштау.

Қысқарту – азайту.

Қыпықтану – сезіктену, қауіптену. *Бізің қу **қыпықтанып** отырыпты.*

Қалалау – базарлау.

Марапаттау – икемделу, жақындасу.

Матау – қамау.

*Нобайлау – отасу. Тұрлығұлдың 40 жыл **отарласқан** аялы өліп...*

Оңысу – күн көру, тіршілік ету.

Өбісу – өбісу, сүйісу.

*Жақсының сөйлескені **өбіскендей**,*

*Жаманның сөйлескені **тебіскендей** (Мақал.)*

*Пасылдау – байқау, топшылау, шамалау. Оның **пасылдауы** дұрыс екен.*

*Райлау – жазылу, оңала бастау. Ол аурудан **райлады, райлай** бастады.*

*Райламау – қайтпау, алған бетінен қайтпау. Еңбекке шын берілген адам олай **райламас** болар.*

Сауу – жұмсау, шашу.

Сүру – жер жырту, айдау.

Сүрістіру – жарыстыру, аттарын жарыстыру.

Сәмсіреу – әлсіреу.

Тұтылмау – кідірмеу.

*Таула – шиыру, бұрау. Гәйкіні **таулау** керек.*

Тастыықтау – куәландыру.

Тәртіптеу – баяндау.

Төгу – ау салу, а жазу.

Шөлкемдестіру – ұйымдастыру.

Шыралау – оңалу, семіру.

Шәукілдеу – дірілдеу, дүрсілдеу, жүрек соғу.

Ұйыту – қайнату.

Ішкерілеу – ішке кіру, үйге кіру.

Ірікпеу – тоқтатпау, кідіртпеу.

Мезгілді, амалды, көңіл күйді білдіретін сөздер

Арқайын – емін-еркін, кең.

Ауа – я, ие, мақұл, жарайды.

Аңсат – оңай, жеңіл.

Әзеден – әуелден, әуел бастан.

Бәһәрда – көктемде.

Беймалал//бималал – алаңсыз, уайымсыз, емін-еркін.

Дәслеп – алғаш, алдымен.

Дауам – барысы, бойы.

Дәрһал – дереу.

Жетітоқсан – күздің басы, жел тоқсан.

Жарын – келер жыл.

Зият – артық.

Қолай – ыңғайлы.

Қайлы – риза.

Қардар – зәру, қажет, керек.

Мұғдарында – шамасында.

Мүштан – мүйістен, бұрыштан.

Мәгәрәм – егер.

Рабайда – анда-санда.

Толас – қолдың бос, еркін кезі.

Шеп – сол жақ. Машының жолдың *шеп* жағында тұрсын.

Жан-жануарларға, жәндіктерге, құстарға байланысты сөздер

Аждарқа – айдаһар.

Өрегден – жабайы сары ара, бал арасын да осылай атай береді.

Балпақ – сарышұнақ тышқан.

Батпа – кесірткенің құмда өсетін жалпақ бас түрі.

Борша – бүрге.

Ешкемер – кесірткенің үлкен түрі.

Әкке//әккі – сауысқан.

Епепек – көкек.

Көпек – төбет ит.

Әңгі – есектің айғыры.

Төгін – көң, қи.

Кетек – тауық кепе, қора.

Құлтпай – атжалман тышқанның інінің бір аузы.

Қарадірен – қарақұрт.

Мегежін – шашқаның ұрғашысы.

Мыршай – түлкінің баласы.

Нанқорек – тарақан.

Мылтықшы – дәуіт (шегіртке сияқты болады).

Сұңғуір – түсі ақшыл, мойны ұзын, балық жейтін құс.

Су тауық – құс (тауықтан кішілеу, түсі сұр қасқа болады).

Таутайлақ – жираф.

Таушан – қоян, көжек.

Шүлдік – кішкене шөл құсы.

Шоңқайма – тауық ауруы.

Шаққан – түсі ақ құс.

Шағал – құс аты.

Шуал – қап, қапшық, тезек қап.

Шіймұрын – шайтан.

Песше – сары маса.

Адамның қызметіне, психологиясына, дене мүшелеріне, халық медицинасына, туыстық қатынасына, әлеуметтік күйіне байланысты

сөздер

Атсейіс – атпаз, атты суытушы, жаратушы кісі.

Ағза – адамның организмі.

Айырт – шат, адамның шаты.

Ақтық – немере.

Әмекі – үлкен, құрметті аға.

Кебе – ене, қайын ене.

Әми – білімсіз адам.

Мүш – жұдырық, түйлі жұдырық.

Пітене – маңдай; пешене.

Бажбан – орман-тоғайды бағушы, күзетуші.

Бозбайтал – өсекшіл, жалауыз адам.

Гүңгелең-гүң – тілі, құлағы жоқ, мылқау адам.

Демеген – қарындас.

Елті – әйел, қатын.

Жерқұлын – жергілікті, тұрғылықты адам.

Жаулық – шөберенің баласы.

Күңдікші – күндік жұмыс істеуші адам.

Көрдемше – некесіз бала.

Қалпе – аңшы, ит жүгіртіп, құс салатын аңшы адам.

Кәнігелік – естігенін ұмытпайтын, көп білетін адам.

Қазықшы – базардағы көлік байлайтын алаңда істеуші кісі.

Лаққы – қу тілді, әзілқой, күлдіргі адам.

Мұрындық ене – өкіл шеше (ене).

Мелле қыз – сары қыз, алтын асықтай сары қыз.

Мештей – болыстың хатшысы.

Мүшіріп – пұл жинайтын адам.

Мырзаға –қайын жігіт.

Нанбайшы – нан сатушы адам; 2) нан жабушы, пісіруші кісі.

Өлінай – епсіз, бос, қолынан еңбек ету келмейтін адам.

Немелетай – немереден туған шөбере.

Пәңгі//бәңгі – апиын, апиын құмар адам.

Пешіман – үйдің балшығын құюшы, үй салушы адам.

Падашы – мал бағатын адам.

Сәтен – кербез, сәнқой, өте сыпайы адам.

Сүмек – бос, болбыр, сөзі аузынан түсіп тұрған адам.

Терімші – мақта теруші адам.

Тарашман – үйдің пахсасын тегістеп, әшекейлеп гүлдеуші адам.

Шаулық – шөбере.

Шұңқыр кісі – терең, көп білетін, тәжірибелі адам.

Шіріңкенеші – делдал, сауда арасында жүретін кісі.

Шаруасы – малшы.

Шайыр – ақын, жыршы кісі.

Шіркет – Шіркетші, тері, жүн т.б. жинаушы кісі.

Ысытпа – безгек ауруы.

**Ер-тұрманға, транспортқа, еңбек құрал-саймандарына байланысты
сөздер**

Ауыт – жазы ағаш, нар түйеге салынады да, жүрек артылады.

Аққұс – тері илеу, өңдеу үшін қолданылатын ақ тас.

Азбар – құрал-сайман.

Адақарба – жас баланың аяғын шығару үшін жасалған/ аяқ арба.

Ақбас ер – басы сүйектеліп, әшекейленген ер.

Амаш – жер ағаш, жер жыртатын ағаш.

Алтақта – арбаның алдындағы адам отыратын тақтайы.

Гүлмиық – үлкен сатылы арба.

Бел – күрек.

Бұрынғы – үскі, бұрғы, ағаш тесетін құрал.

Дойыр – жуан, сегіз өрім қамшы.

Дыр – бұл да жуан қамшы.

Доңғалақ/доңғалақ – арбаның дөңгелегі.

Дәндәнә – мала ағаш.

Еркеше – арнайы басылған, әшекейлі тоқым.

Жекежылау – қыл шылбыр.

Жалпыншақ – аттың үстіне жабатын жабу, сырттық.

Кегей – арба дөңгелегінің шабағы.

Кепше – ұзын сапты, лай алып беріп тұратын жеңіл күрек.

Кешгірт – кішкене қол орақ.

Мүшәйрә – су дорба.

Түрікпен мылтық – сирақты, аузынан оқталатын шиті мылтық.

Алыштас – өлшеуіш тас, салмақ.

Тұсақа – екі айыр ағаш, шөп шаншатын құрал.

Тізбе – уық бау.

Кілмала – үй сылайтын темір қалақ.

Көшер – арба дөңгелегінің күпшегі.

Күшен – есек қамыттың шұжығы.

Күнде – жер ағаш, соқа.

Қадаубас – тескіш, темір құрал.

Құмыралы кетпен – кетпеннің үлкен түрі.

Құлық – арба дөңгелегінің күпшегі ішіне салатын қуыс темір.

Мәрқұлақ қамшы – қысқа сапты, алақанды, төрт қырлы етіп өрілген қамшы.

Олбыр тоқым – асты киіз, сырты былғарымен қапталған, әшекейленген, шашақты үлкен тоқым.

Палан – жона, ер астына салатын қалың тоқымдық.

Сынтараиш – ат, есек тұяғын жонатын өткір темір құрал.

Сапалық – былғарыдан тігілген, ұшы жалпақ қайыс қамшы.

Сүзеуік – бульдозер.

Тат арба – өзбекі арба.

Телегей арба – қарақалпақ арба.

Темір жаба – темір айыр.

Тоганақ – ілмек ағаш, шотаяқ ағаш.

Шеккі – тартпа бау.

Шоқыр – қайла.

Шапқы – темір кесетін құрал, қашау.

Шотағаш – маядан шөп суырып алатын басы имек құрал.

Сайнағаш – таразы, безбен.

Үй, қора- қопсы және құрылыс материалдарына байланысты сөздер

Арғыт – үй төбесіне салатын бөрене, белағаш.

Айуан – жазда отыратын кең, биік, ауыз үй.

Әрем – қамыс қора.

Бастырма – есік алдындағы төбесі ғана жабық пана.

Бір тастар – бөрене, белағаш.

Ұйтам – мола, күмбездеп салған мазар.

Шарқырауық – маңдайша ағаш.

Шабак – үй төбесіне салынатын майда ағаштар.

Шөпкер үй – ағаштан, қамыстан салынған үй.

Ши өңір – киіз есіктің екі босағасы.

Шалы – қамыстан тоқылған қора.

Ықпана – ықтырма, мал қора.

Географиялық атауларға, жер бедеріне, табиғат құбылысына байланысты сөздер

Айыр соқпақ – жалғыз аяқ жол.

Асна – терең, шыңырау құдық, суын шығыр арқылы тартады.

Атау – арал, айналасын су қоршаған құрлық жер.

Асы//асар – қыр, биік, үстірт.

Ақ кірпіш – әк.

Аққапшық жыл – ашаршылық жыл.

Әуір – леп, аптап.

Бүгіл – шығанақ, қойнау.

Бастау//көзауыт – бұлақтың басталатын көзі.

Құла бет – оңтүстік шығыс.

Құйы – құдық.

Қайыр – топырақ, құм.

Гүлдірмама – найзағай, күннің күркіреуі.

Даңғайыр – кең, үлкен құм.

Еспе – шегенделген құдық.

Жалтыр//жалт – найзағай.

Көгеріш – көгал жер.

Леплік лай – батпақ, ұйық жер.

Шамал – самал жел.

Шеге – құм, аққұм. **Шеге қажса, тас болар** (мақал.)

Шақмақ – найзағай.

Ақбайтал – кесе тұрған үргін қар, омбы.

Дегіш – дарияның қатты ағысты толқыны.

Жарық сауа – күн шуақ, күн түскен ашық жер.

Жабан – жайылымды, жайлау жер.

Шабыра – ашық, тақыр жер.

Қоңырдан – жаңбырмен көгерген жер, көгал.

Шарпаты – ауа райы, күннің құбылуы.

Бөрен – тіреу, бөрене.

Гүнгірәлі там – үлкен, кең үй, бөлме.

Диуал – қабырға, жар.

Дүткеш – булық (форточка).

Жертөле – жер үй.

Жөлім үй – шаңырақсыз кішкене үй. Ертеде балықшыларда жөлім үй көп болатын.

Жай – үй, там, баспана.

Кәшек – терезе хасегі.

Қалмақы әрем – қамыстың басын қайырып жасаған мал қамайтын қора.

Қаснақ – үй төбесіне жиектете салынған екі-үш қатар кірпіш.

Қақыра – қамыс, тал, жыңғылдан соғылған үй, баспана.

Қас – тіреубас, бақан.

Қалмақы үй – киіз үйдің бір түрі.

Өжіре – бөлме.

Пәрдиуал – үйдің ағаш салғаннан кейінгі өрілетін кәсегі.

Пахса – үй қабырғасының laidан құйылуы.

Сүдін ағаш – тіреу, бөрене, бақап ағаш т.т.

Сыпа – жазғы үйге нар есебінде салынатын сәкі, нар.

Төле – жер үй, жеркепе.

Төле қора – жайма, ашық қамыс қора.

Тырнақ – үйдің іргетасы.

Тамбас – үйдің төбесі.

Там – үй баспана.

Тісегі – үй есігіне сүйектен салынатын әшекей, ою.

Үрлік – мәтке, арқалық ағаш.

Құртхана – жібек құрты бағылатын арнаулы үй.

Мәнжіре – екі босаға.

Жоғарыда аталған лексикалық топтардан тыс заттық атаулар

Ата қары – ата кәсіп.

Әмел – қызмет, жұмыс кәсіп.

Алағандалық – қауіп, ой көңіл.

Абаданшылық – тыныштық, тоқшылық.

Аударыспақ – төңкеріс.

Ақуал – хал, жағдай, тұрмыс, денсаулық.

Байрақ – сыйлық, бәйге.

Бопылық – жарлық, үкім, хабар.

Бөтеке – бүйрек.

Бопса – жеңіл بازیналық, өкпе.

Дат – арыз, өтініш, шағым сөз.

Дәрмет//дүрбет – бүліншілік, ылаң, талант-тараж.

Даңдама – әңгіме, гу-гу сөз.

Дәтмел//дәдімәл – ақыл, кеңес, тәрбие.

Жамағат – жұртшылық, көпшілік, халық.

Кесел – ауру, науқас.

Кент – қала, шаһар, жай.

Кәба – мешіт.

Қарлық – ұрлық.

Қыран пышақ – төбелес, ұрыс.

Қоныс – қысқы мал жайылымы.

Мүнәсүбәт – құрмет.

Мәнет – теңге, сом.

Мәпит – пайда, табыс.

Мұрапа – мақсат, мүдде.

Мәдени шертек – егіс басындағы қызыл отау.

Нам – ат, есім. *Сіздің намыңыз кім?*

Орай – орталық.

Мойнақ – бұрандаған ұзақ жол.

Молақа – омақа, белгі.

Патыратылау – асығыстау, қысымшандау. ***Патыратылау*** іс екен.

Тұрмехана – түрме, абақты.

Шадатнама – туу туралы куәлік.

Шүй – жер айдауда арасында қалып қойған жер.

Шертек – егіс басындағы қос.

Шапауыз – малының оты, шөбі үшін ертеде төленетін салық, төлем.

Шөм – бір буда қамыс, қамыстың бауланған түрі.

□ *мәниәт* – мүмкіншілік.

□ *лтімас* – өтініш, сұрақ.

Айырым – кейбір.

Аштық-аптадалық – аштық-жалаңаштық.

Ағары – өлшем, азырақ, болар-болмас.

Әз – рақат.

Былағай – айқай, қиқу.

Бәрқұлла – барлық, барша.

Дағаз – хабар, жарлық.

Зауал – азап.

Қытшылық – жоқшылық, кедейшілік.

Қауаша – асқабақ.

Қайлылық – ризашылық.

Қары – өлшем.

Лазым – міндет, борыш.

Мүттасыл – еш нәрсе, дәнеме, түк.

Мүғдары – мөлшері, шамасы.

Нарқабак – тал ағаштың қабығы (қайнатылып, бояу жасалады).

Оғдарлы – оқыс.

Он сері – өлшем, бес килограмдық.

Парахатшылық – жейбарақаттық, тыныштық.

Пайлы – лайықты.

Пәм – байым, шыдам.

Сілем – із, жоба.

Сес – үн, дыбыс.

Сас – әл, күш, шама.

Танап – өлшем, бір танап жер.

Топар – топ, жиын.

Тасы – байлығы.

Дәулетсіздің басы сынар

Дәулеттінің тасы сынар (Мәтел).

Шарпылдауық – шапалық.

Шәриаты – ауа райы, күн құбылысы.

Шүкей – кішкене асық.

Сындық және сапалық мағынаны білдіретін сөздер

Ауыштай – есерлеу, селсоқ.

Ақбайтал – естігенін жатқызбайтын, өсекшіл, аузы жеңіл адам.

Ақылзайып – ақылсыз, ессіз.

Ауан ақыл – ақылы кеміс, есі ауған, жынды.

Алағайым – ұшқалақ, жеңіл мінезді.

Адас – жаңсақ, жаңылыс, бекер.

Әлжуаз – әлсіз, күшсіз, нашар.

Әйлеңкес – есалаң, есі ауысқан, мәжнүн.

Әуекей – жынды.

Быдым – жуан, толық, семіз.

Бидәулет – кедей, дәулетсіз адам.

Дырапа – үлкен, жуан ағаш.

Делбетай – жарымес, нақұрыс, жеңілтек.
Дой – үлкен, дәу.
Зәй//зей – ыза, дымқыл, сыз, су жер.
Кемал – жоқтық, кедейлік.
Көдек – жас өспірім, тәжірибесіз, икемсіз.
Пияда – жаяу.
Кәтте – үлкен, ұлы (кісі туралы).
Көрім – пысық.
Қаяушыл – дықшыл, кекшіл, кек алғыш.
Қалет – жаңсақ, кеміс, шала естілген (сөз).
Лапқой – өтірікші, бос сөзді, мылжың адам.
Мәтек – кербез.
Міләл – күмән, шүбәлі, екіұшты.
Найсап – оңбаған, жексұрын.
Нәментайлау – кішілеу, құрметсіздеу, қадірсіздеу.
Нариза – риза емес.
Патырас – лас, кір (жер туралы).
Самсам – жарымес, есуас, дәлдір адам.
Соға (жер) – тассыз, қатты жер.
Сақы жомарт, мырза, қолы ашық жігіт
Таңтарыс – кеміс, жеткіліксіз.
Тайнапыр – бір сөзді, келісті (адам туралы).
Үргедек – қорқақ, қопал адам.
Ұсынақты – шебер, он саусағынан өнері тамған адам.
Шалпы мінез – нашар, шайпау мінезді адам.
Шаққан – жылдам, пысық, шапшаң.
Шыррық//шырық – менмен, көкірек, шіреніп қалған (адам туралы).

2. Синонимдер

Говорда көрінетін лексикалық ерекшеліктердің ішінде *синоним, омоним* сияқты категориялармен салыстырғанда синоним сөздер молырақ та жиі кездеседі. Синоним дегеніміз – мағыналық тұрғыдан белгілі бір ұғымды білдіру қызметіне қарай бірімен-бірі жарыса қолданылатын, сыртқы тұлғалары басқа-басқа, өзара синонимдік тізбек құрайтын сөздер. Бұл анықтама жалпы синонимдер үшін ортақ қағида болатын болса, говордағы синоним сөздерге де оның қатысы бар. Бірақ говордағы синонимдердің өзіндік ерекшеліктері де жоқ емес. Мұндағы синонимді топ құрап отырған сөздер – бір мағынаны білдіре тұрса да, бір тілдің лексикасынан шыққан сөздер емес, бірнеше тіл элементінің қатар, аралас қолданылуы негізінен пайда болған сөздер.

Говорға байырғы сөздермен қатар басқа тілдерден, әсіресе *қарақалтақ, өзбек, түркмен* тілдерінен енген сөздер де тән. Ол сөздер жарыса қолданылып, мағыналық жақтарынан бір-біріне жақын келген синонимдік тізбек құрайды.

Жергілікті лексиканың мұндай синонимдерге бай болу себебі говордың өзге тілдермен тығыз қарым-қатынаста, байланыста болуынан. Жиналған экспедициялық материал осыны байқатады. Бұл сияқты синонимдік сөздердің қатарында, әсіресе заттар мен құбылыстардың аттарын білдіретін сөздердің синонимдік тізбегі молырақ. Сан жағынан азырақ болса да, *сынды, қимылды, жай-күйді* білдіретін сөздер де жоқ емес.

Синонимдік тізбектегі сөздердің бір-біріне мағыналық жақындықтары шартты түрде алынып отыр, ал кейбір ұғымдық атауларды айтпағанда, зерттеліп отырған говорда бір-біріне мағынасы тең келетін синонимдер де бар. Халықтың тұрмыс, кәсіп ыңғайына қарай синонимдер де түрліше болып келеді. Диалектілік лексиканың басқа түрлерінде де бұл заңдылық сақталған.

Синонимдік тізбек құрайтын сөздерден мыналарды көрсетуге болады:

Арғыт – бағана, арқалық, бөрене, тіреу. Жайға салатын *арғын* болмай тұрыпты.

Диуал, жар – үйдің қабырғасы.

Елгезер, елеме – елеуіш, елек. Бұл сөз халықтың сөйлеу, тілінде әр түрлі: Қазақстанның оңтүстігінде – *елгезер, елек*, солтүстігінде – *елеуіш, елек*, шығысында – *ұнқаққыш, елеуіш* т.б. болып айтылады.

Жағлан, боқша, боқжама – кір салатын қалта.

Кеусандық, әбдіре/абдыра – үлкен сандық. Бұл сөз осы мағынада Ақтөбенің Шалқар ауданында, Қостанайдың кейбір аудандарында қолданылады.

Қалбыр, дүңгір – ауыз жағы қисық, бауы бар қаңылтыр ыдыс. Қатты айтсам *қалбыр* болады, ақырын айтсам *салбыр* болады.

Қира, бойра, жекен - төсек шыпта, қамыстан, қоғадан тоқылады.

Бадия//бадия табақ, ләккі табақ, леген – үлкен жалпақ табақ.

Лауа//лауа кесе, сапар кесе, көкнәр кесе – кесенің үлкен түрі. Қазақ тілінің Шу говорында *жанан//жәнен* деп айтылады.

Масатемір, әтешкір, көсеу – шымшуыр, от қысқыш.

Нан тақта, ас тақта, нан жайғыш – нан тақтай.

Пәнжере, бақауыз, тырнақ – шамның шілтері.

Пәзір, моржа, пияла, шиша – шамның мойны.

Шәриаты – ауа райы, күн құбылыс.

Суағар, сусерпер – киіз үйдің есігіндегі суағар құлақ.

Самар, сеңкер, сар табақ – үлкен табақ.

Төле, әрем, қалмақы әрем – кепе, жер кепе. Қазақ тілінің Маңғыстау говорында *жертөле* түрінде айтылады.

Атала, басалай, сүмелек – быламық.

Кесел, діңкес – ауру, науқас.

Қойымшылық, төртқұлақ, қауым – мола, бейіт.

Кәрі, қанігілігі – қызметі, кәсібі.

Аққұлақ, ат жемі – кеусен,

Кәді, қозықұйрық, атқұлақ, сәлде – саңырауқұлақ.
Оқ ағаш, арыс – ат жегетін арбаның ортадағы жетегі.
Өңірше, өңіртал, өңіржиек – алқа.
Дой, дыр, дырапа, кәтте – үлкен, жуан.
Самсам, найсап, мәжгүн, жыллы – есуас, жынды.
Ісім, ныспы – ат, адам аты.
Жаба, шаршақ – айыр, темір айыр.
Қайшы нан, күртік – қамыр, етке салатын нан.
Баспа, зәңгі, тене – баспалдақ, саты.
Дәрийіс, күбір - көң, төгін.
Дәп, үрдіс, дөп-дәбе – дәстүр, әдеп-ғұрып.
Деңгене, айқаспа – малды бірігіп сойып, етін бөліп алу.
Жай, там – үй.
Сібірткі, сіпсе, сіпсей – сыпырғыш.
Қоспақ, қосуыт – будан.
Қоңсы, қонсаба - көрші.
Паяпыл, аяқкөпір - өткел, көпір.
Кілмала, жілмала – үй сылайтын темір қалақ. Қызылорда облысында –
аңдама, маңғыстау говорында – *аңдуа*.
Қаптал, кереге, жар – үйдің қабырғасы.
Ұйыма, тартпа, жұтпа – батпақ, ұйытқы жер.
Алажақ, алғы – аласы.
Қызғын, қызыл – қызба мінезді.
Ашар, ашқыш – кілт.
Жөндем ине, жәнжеселі, көктемелі ине – иненің жуан түрі. Қостанай
говорында бұл сөз *көзде мел, көзде ине* деп аталады.
Қасқа жол, қара жол, дабыл жол – үлкен жол. Бұл сөздің орнына
Қостанай облысының Торғай, Обаған аудандары тұрғындары тілінде *күре
жол* деген сөз қолданылады¹.

¹ Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ееркшеліктері. Алматы. Мектеп. 1981. 67- бет

Жергілікті халықтың тілінде осы сияқты синонимді сөздердің қолданылуы біркелкі емес. Әрине, говордағы кездесетін синоним сөздер тек осы жоғарыда көрсетілгендей мысалдармен шектелмейді. Олар сан жағынан, лексикалық категориялардың қай-қайсысынан да кем емес.

Зерттеліп отырған говордағы синонимдік тізбектердің негізгі көзі, бұлағы сол аралас отырған туыстас тілдердің әсері десек, соның ішінде, олардың біразын қарақалпақ тілі, қала берді өзбек, түркмен тілдерінен келген сөздер дейміз.

3. Көп мағыналы сөздер мен омонимдер

Зерттеліп отырған говорда мағыналық белгілері арқылы болмаса, сыртқы дыбыстық құрамы арқылы ажыралмайтын, яғни айтуда тұлғасы бірдей де, мағыналары басқаша болып келетін көп сөздер бар. Мағыналық жағына қарай оның бір тобының көп мағыналық сөздер екенін, ал екінші тобының омонимдер екендігін анықтауға болады. Сондықтан көп мағыналы сөздерді өз алдына топтап, омоним сөздерді бөлек қарастырғанымыз мақұл сияқты.

Зерттеліп отырған говорда көп мағыналы сөздер әр түрлі жолдар арқылы жасалады. Оны мына төмендегі мысалдардан көруге болады: *бақыр* – бірінші мағынасы – *шелек/бір бақыр су*, екіншісі мағынасы – *таба*. *Бақырды отқа салып, ет қуыра бастады*, үшінші мағынасы – *бақыраш, ыдыс*; төртінші мағынасы – *мыс ыдыс/жылқышы бақырға ет асты*, бұлардың бәрінің тұлғасы жағынан айырмасы жоқ, бірақ мағыналары бір-бірінен ерекшеленіп тұрған бір ғана сөз. Бұл сөздің омоним болмай көп мағыналы сөздер қатарына жатуының себебі - әуел баста бір түбірден шығуында. Бұл сөздердің қай-қайсысы болса да ыдыс ұғымында қолданылып тұр. Ол ыдыстардың атқаратын қызметі бір-біріне ұқсас, солай бола тұрса да төрт заттың аты ретінде айтылып, төрт ұғымды білдіріп тұр.

Зерттеліп отырған говордағы ***бопыр, жар, төле, алқа*** сөздерінің де пайда болуы, қолданылуы да осы тәрізді. *Бопыр* сөзінің бірінші мағынасы - *көң, қи*. (*Ат қораның бопыры алынбапты зой*), екінші мағынасы – *боқтық қора* (*Малды жылы бопырға қамау керек*). Сол сияқты *жар* сөзінің бірінші мағынасы – *жар қабақ* (*өзеннің тік жары*), екінші мағынасы – *үйдің қабырғасы* (*Жайдың жарына ілің*). ***Төле*** сөзінің бірінші мағынасы *жеркепе* (*жертөле*) үй мағынасында, екінші мағынасы – *қора, төле қора, мал қора* мағынасында. ***Алқа*** сөзінің бірінші мағынасы – *құлып* (*Есіктің алқасын салдың ба?*), екінші мағынасы – *құлыбы, көйлек құлыбы* (*омырау алқа, шашпау алқа*). Бұл сөздердің тұлғасы бір бола тұрып, мағынасы жағынан

бірнеше заттың атын білдіріп тұруы, сол ұғымның қызметінің ұқсастығына, қасиетіне байланысты.

Енді төменде сол көп мағыналы сөздерге мысалдар келтірейік.

Мата: 1) қамыстан, қоғадан тоқылған шетен;

2) бөз, сәтен, сиса.

Жарма: 1) тары, бидай, жүгеріден жасалған көже;

2) тарыдан, жүгеріден жарып ұнтақтаған талқан.

Шал: 1) қолдан тоқылған алаша; 2) қолдан тоқылған тоқыма мата.

Пада: 1) табан, бір топ мал, бағулы мал; 2) шыбынның жиналған, құжынаған тобы. *Шыбын біткен пада боп қапты зой.* Бұл сөз Шығыс Қазақстан облысының Зайсан, Тарбағатай аудандарында да кейінгі мағынасында жұмсалады.

Меке: 1) сүрлем, мал азығы; 2) жүгері. Кейде мекке түрінде де айтыла береді. *Қысқы мал азығын мекке дайындап атырмыз.*

Алжасу: 1) ұрысу, жанжалдасу, араздасу, соғысу; 2) ақылынан адасу, жолдан шығып кетіп адасу.

Бимәлел: 1) алаңсыз, уайымсыз, еркін, өз бетінше. *Жұмыс уақытында беймәлел жүруге бола ма екен?* 2) жуас, тыныш, өз жөнін білетін есті, қадірлі адам. *Ой, бишара – ай, өзі бір жақсы бимәлел жігіт еді.*

Самар: 1) шығырдың су құйып тұратын қырық шелегі; 2) үлкен ағаш табак, керсен; 3) науа мен суаратын астау; 4) үлкен кір жуатын леген, самар.

Жайма: 1) нан, майға пісірілген шелпек нан; 2) дастарқан.

Жоғарыда зерттеліп отырған говорда жиналған материалдар негізінде кездесетін омоним және көп мағыналы сөздердің кейбіреулерінің қандай жолмен мағынаға ие болғандығы жөнінде қысқаша талдау жасалады. Говордағы мұндай сөздер тек солармен ғана шектелмейді. Бұлардан басқа да сан қилы сөздердің бары анық. Мәселен, жиі қолданылатын *пая* сөзін алатын болсақ, оның *мақтаның қоза паясы, сосын бағана, үй тірейтін тіреуіш* мағынасында қолданылатындығын көреміз, әрі *мақтаның ашылмаған қауашағы, әрі өріктің сүйегі*, сол сияқты *шақа* сөзі *малдың мүйізі, әрі*

мақтаның ашылмаған қауашағы, әрі өріктің сүйегі мағынасында жұмсалады. Осы сөздер сияқты *қауаша, шіркей, абақ, жазыс, қамау, мешел, келе* т.б. сөздердің говорда ең кемі екі немесе онан да көп мағыналары бар. Бұл, әрине, алғашқы затқа берілген атауға, кейінгі пайда болған заттың қызметінің не құбылысының ұқсастығының нәтижесінде пайда болып отырған лексикалық мағыналар. Осы негізден барып, лексиканың көп мағыналы сөздер категориясы туады.

Айтылуы мен жазылуы бірдей бола тұрып, мағыналары жағынан әртүрлі болып келетін сөздердің говордағы екінші бір түрі омоним сөздер.

Говордағы азды-көпті омоним сөздердің тұлғасы, айтылуы бір болғанмен, мағыналары бір-бірінен әлдеқайда алыс жатыр. Бұлай болу омонимді көп мағыналы сөздермен шатастырмауға себебі тиюімен бірге олардың (омонимдердің) жасалу жолында өзінше ерекшелік барлығын, сол ерекшелікті табуға жетектейді. Мұндағы омоним сөздердің бірі – ру, тайпа тілдерінің қалдығы, ізі болып келіп отырғаны, екіншілері – туыстас көрші түркі тілдерінен (қарақалпақ, өзбек, түрікмен) немесе иран, араб тілдерінен ауысқандығы анықталады.

Омоним сөздерге төменде мысалдар келтіріп көрейік.

Ешек: 1) есек; 2) қырықтық қайшының тиегі; 3) домбыраның шайтан тиегі.

Нәл: 1) етік өкшесіне, тұмсығына қағылатын темір таға; 2) мақта т.б. дақылдардың көгі, нәлі.

Жар: 1) өзеннің жары, үйдін қабырғасы; 2) хабар, хабарлау.

Саз: 1) кесек құятын саз балшық; 2) еден астына салатын бел ағаштар.

Жарма – 1) канал, су жүретін үлкен арық (жап); 2) тары, бидай, жүгеріден жасалған көже немесе талқан. Бұл сөз жару, майдалау, ұнтақтау, бір нәрсені бөлу деген сөзбен өрбіген.

Көзгенек: 1) кереге, шарбақ көзі, тесігі, арасы; 2) кішкене сырлы ағаш тостаған. Негізі *кішкене көз, көздей* деген мағынадан шығуы мүмкін.

Ұша: 1) сойылған қойдың құйрығы мен бел омыртқасының сүбелі жері;
2) биік ағаштың ең жоғары ұшы (ұшар басы). *Ағаштың ұшасында бір құс отырыпты.*

Шарбақ: 1) Қора-жай, бау-бақша (бау-шарбақ); 2) базар жайдағы көлік байлайтын арнаулы орын.

Сес: 1) дыбыс, үн (музыканың үні); 2) әйбет, тамаша. *Кастюм тіпті сес екен.*

Ыссы: 1) Ыстық (сындық мағынадағы сөз); 2) қышыма/қотыр.

Тайнапыр: 1) ер, азамат, бір сөзді батыр, батыл кісі; 2) үлкен дәу, әйдік.

4. Табу және эвфемизмдер

Бұл тақырыпшада берілетін лексикалық материалдар, кейбір заттық атаулар жергілікті халықтың бұрынғы әдет-ғұрпындағы, тұрмыс-салтындағы, ескі феодалдық дәуірден мұра болып қалған кейбір сөздердің ерекшеліктерімен байланысты сөздер. Ескі ғұрыптың, түрлі соқыр сенімнің улы ұғымдары төңкерістен кейін де бірден жойылып кете алмағаны мәлім. Ескі, қажетсіз дәстүрлердің ырқынан шыға алмау әлде де болса, қарт адамдар арасында кездеспейді емес. Осындай салт-сананың түрлі көріністері ғылымның әр саласында әрқалай бейнеленіп, басқаша атаққа ие болып жүргендері бар. Мұндай жайлардың халық тілінде де азды-көпті әсері болатыны даусыз.

Әдет-ғұрыпқа байланысты туған сөздердің бір тобы – **эвфемизмдер**. Эвфемизмдер, негізінде, этнографиялық құбылыстар қатарында жатады. Солай бола тұрса да олардың халықтық тіл мәдениетіне тікелей қатысы бар. Міне, осы тұрғыдан қарағанда тұрғындар тіліндегі эвфемизмдерді зерттеудің, оның сипатымен танысудың да белгілі дәрежеде маңызы бар деп қараймыз.

Қазақстанның өзге жері сияқты Қарақалпақстанда тұратын қазақтар арасында да ат тергеу салты бір заманда кең тараған. Бұл, әсіресе егде тарқан кісілер (әйелдер) арасында осы салтты ұстап қалғандар (осы күнге дейін) бар деп айтсақ, артық емес. Сол сияқты дәрекі сөздерді сыпайылатып айту да эвфемизмдердің пайда болуының бір жолы екені мәлім. Мұндай сөздер де зерттеліп отырған говорда бар.

Ат тергеуден пайда болуының екінші бір себебі діни ұғымдарға, қорқынышты сезімге, қиындыққа байланысты. Бұған жататын сөздерде де говорда кездесіп отырады. Жергілікті жерде, зерттеліп отырған говордағы кездесетін эвфемизм сөздер көлемі жағынан мол болмаса да, осы территорияда тұратын қазақтардың тілінде бар.

Әйелдер аты тергелетін адамдардың атын жанама, қосымша, шартты сөздермен атауға тиіс болған. Мысалы, *қар жауды* деген сөздің орнына

әйелдер *көрпе жауды* деп қолданған, бұл – Қаржаубай деген кісінің атын атамаудан пайда болған құбылыс.

Аты тергелуші кісінің атын, айтпаудың салдарынан, кейде тұрмыстағы басқа заттармен ұқсас болып келген жағдайда ол, сол заттың атын атамай шартты сөздермен атайды. Бұл сияқты шартты сөздер белгілі бір рулық топқа, халыққа белгілі болады. Міне, сол белгілі жағдай айтыла-айтыла ұрпаққа тарап, беріліп, сөздік қорының негізіне еніп отырған. Мәселен, өлкенін кей жерлерінде айтылатын *тарпабасар (мысық) көрпе (қар)* деген сөздердің Мышықбай, Көрпебай деген кісілердің атын тергеуден туғандығы анықталады.

Эвфемизмдердің жасалуының тағы бір айғағы - өлікті құрметтеу, ол туралы жарамсыз сөздер айтпау дәстүрінен шыққан. Мысалы, өлген адамның қойылатын жері – *мола, көр, бейіт, қорым* т.б. сияқты сөздерді айтуға тыйым салудан келіп, *әулиешілік, қойымшылық* сөздерін жиі қолданған. Сондықтан ондай сөздерді жергілікті халық жиі қолданып, сөздік қорына енгізіп, синонимдік қалыпқа дейін жеткізген. Мысалы: *Өлді, қайтыс болды деудің орнына шетінеді* делінеді. Ол Қазақстанның көп жерлерінде қолданылады. Ауру аттарын да тергеп айтады: *қызамық – қызылша* дегенді білдіреді.

Сол сияқты зерттеліп отырған говорда жоғарыдағы көрсетілген, айтуға тыйым салу негізінде жасалған сөздерден басқа да, сөздерді тура мағынасында айтуды дөрекі санап, оның орнына сыпайы айтуға тырысудан пайда болған сөздер де кездесетін сияқты. Дөрекілеу сөздерді басқа сыпайы сөздермен немесе сөздер тіркесімен ауыстырып айтуды өзі де – **эвфемизм**. «*Күштінің к....диірмен тартады*» деудің орнына «*Күштінің бөксесі диірмен тартады*» деу т.б. Бұл секілді шартты атаулардың да жергілікті диалектілік құбылыстарға қатысы бар. Мұндағы шартты сөздер деп отырғанымыз – айтуға тыйым салынған сөздердің (табулардың) баламалары – **эвфемизмдер**.

Қарақалпақ өлкесінде тұратын қазақтар тілінде айтылып келген эвфемизмдердің аясы тек ат тергеу т.б. салтпен шектелмейді. Халық тіліндегі

көптеген эвфемизмдердің тууы сөз «сиқырына» сену тәрізді жайлармен де байланысты.

Кейбір сөздердің этимологиясы жөнінде бірер сөз. Жиналған лексикалық материалдарды беруде қажет деп тапқан жерде кейбір жеке сөздердің этимологиялық жақтарын анықтауға мүмкіндік беретін деректерді келтірелік. Онда барлық сөздің болмаса да, кейбір сөздің тарихы жағына тоқталамыз.

Говордағы сөздердің тарихы көп жағдайда өзге түркі тілдерінің фактілерімен байланысты болып келеді, сонымен бірге шығыс тілдерімен де (иран, араб) байланысы жоқ емес. Бұл жағдай көбіне фактіні салыстыру, көне түркі тілдерінің дерегін салыстыру арқылы анықталады. Жергілікті говорда кездесетін кейбір диалектілік, сөздердің этимологиясын анықтау бар да, сосын әдеби тілімізде айтылып жүрген, бірақ тарихи белгілері осы күнде көмескіленген сөздердің қайдан шыққанын түсіндіріп беру бар. Міне, осыған зерттеліп отырған говордың материалы септігін тигізе ала ма, мұны ойластыра отырған теріс емес. Осы тұрғыдан алғанда жергілікті халықтың тілінде сақталған кейбір көне лексикалық жайлардың әдеби тілдегі этимологиясы айқын емес, біраз сөздердің сырын ашып беруде белгілі дережеде жәрдем ететінін көрсетеді. Төменде бір топ сөздердің этимологиялық жағына жеке-жеке тоқталып өтелік.

Атабас – егіннің оталған басы, шала піскен егіннің ара-арасынан алынғаны, піскені. Бұл сөз кейде *отабас* формасында да айтылады. Сөздің бірінші элементі – қазақ тілінде – *отау*, *отақ*, қырғыз тілінде *отоо*, қарақалпақ тілінде – *отақ* болып айтылады. Мағынасы – *арам шөп*. *Атабас//отабас* сөзінің екінші элементі – қазақ тілінде егіннің басы: *бидай бас тартты*, *бидай бас жарды*. Фонетиканың кейінгі ықпалы заңы бойынша кейбір сөздерде екпінді буындағы дауысты дыбыс редуцияланып, екпін түскен соңғы буындағы дауысты дыбыстың әсерімен еріндік (*о ота*, *отабас*, *атабас*) **а** дыбысына ауысады. Сонымен қатар бұл сөз (*ата*) *ерте*

піскен, ірі деген мағынада қолданылады деушілер де бар¹. Өйткені бидай жаппай піспей тұрғанда, соның піскенін ғана теріп алатын әдет те болған.

Атау – арал, су ортасындағы құрғақ жер. Аралда бірнеше атаулар бар. Бұл сөз Арал тұрғындары тілінде де бар. *Атау* сөзі қарақалпақ, ноғай тілдерінде де арал мағынасында қолданылады. Бұл сөз өзбектің көне тілінде *адаг* формасында кездеседі.

Атала: 1) Құрт пен араласқан көже, сарала сорпа; езілген құртқа айран қосып, атала жасайды; 2) Ботқа, көже тәрізді ас (бидайды, тарыны түйіп, суға салып май қосып істеген көже); быламық көже (аталаны ұннан да істейді); *Атала* – *быламық ішейін деген асым ба еді, сексен бес көрейін деген жасым ба еді*. Өзбек, ұйғыр тілдерінде *атала* – ұн, май қосып істелген сұйық быламық. Қарақалпақ тілінде *атала* – ұн, тары, жүгері көже, быламық, қырғыз тілінде *атала* – ұн, су, айран қосып істелген быламық. Татар тілінде бұл сөздің *атала май, аталау май, аталау*² деген де формалары бар. Бұл сөз бурят-монгол тілінде де бар³.

Гоза: 1) жаңғақ. Маңғыстау қазақтары тілінде *қозы*, қарақалпақша – *ғоз*; 2) Мақтаның гүлі түскеннен кейін өсіп шығатын түйіншек. Түрікменше *гоза* говордағы мағынада жұмсалады.

¹ Ж.Досқараев. Қазақ тілінің жергілікті ерекшеліктер (лексика). II бөлім. Алматы, 1955 ж.

² Диалектологик сузлик. 1953. 41.

³ Бурят-монгольско-русский словарь. 1951.

Қорытынды

Қарақалпақстанның солтүстік-шығыс аудандары қазақтары тілінде кездесетін лексикалық құбылыстарды зерттеу төмендегі мәселелер төңірегінде айтуға мүмкіндік береді:

Бұл өлкені қоныстанған қазақтардың тілінде кездесетін диалектілік құбылыстардың дені олардың тілінің ең алдымен лексикалық жүйесіне байланысты. Екінші сөзбен айтқанда, мұндағы диалектілік өзгешеліктердің көлемі жағынан молы – лексикалық құбылыстар.

Зерттеліп отырған говордың лексикасын тіліміздің өзге говорларының материалымен салыстыру ондағы диалектілік сөздердің көп жағдайда қазақ тілінің оңтүстік говоруы тұрғындары тіліндегі лексикалық материалмен ұқсас болып келетіндігін көрсетеді. Мәселен, говорда айтылатын: *шиша, ақын, жандық, қойымшылық, дай, там, шырпы, бойра, ауқат, зағара, пәтір, алақшын, майыр, азан, пада, гәп, тәңге* т.б. тәрізді диалектілік сөздерді біз оңтүстік облыстарда жасаушы қазақтардың тілінен кездестіреміз. Зерттеліп отырған говордың лексикасындағы сөздердің құрамы Қарақалпақстанның оңтүстік аймағының халқының тіліне ұқсас және диалектілік материалмен салыстырып қарағанымызда, қазақ тілінің батыс говоруымен ұқсас екенін көреміз. Мысалы, говорда мынандай сөздер кездеседі: *аламан, ашқыш, атауыз, әтешкір, бер, дыр, жарын, күртік, қызалақ, мәнет, шарқат, нән* т.б. Сонымен бірге, тек Қарақалпақстанда тұратын қазақтардың тілінде ғана қолданылатын біраз сөздердің бар екенін айтуға болады: *кетек, ағары, дегерек, есепдар, кешір, көзайна, күшен, қалет* т.б.

Құрамы жағынан алғанда зерттеліп отырған говордың диалектілік лексикасы тіліміздің арғы дәуіріне тән байырғы сөздерді де, сол сияқты көрші түркі тілдерден енген кірме сөздерді де кездестіруге болады. Кірме сөздердің ішінде ең көп кездесетіні – қарақалпақ тілінен енген сөздер. Говорда қарақалпақ тілінен енген сөздердің көп болу жағдайы түсінікті де, өйткені тілдің ең өзгергіш саласы лексиканың өзге тілдің әсеріне бейім

келетіні- белгілі жағдай. Қарақалпақстанда тұратын қазақтар болса, бұл өлкені олар көп заманнан қоныстанып келгені тарихтан белгілі.

Бұл құбылыстардың көбі республиканың оңтүстік бөлігі мен батыс бөлігінің де тұрғындарының тіліне тән, мұның бұлай болуы – біраз лексикалық және фонетикалық ерекшеліктердің аталған аймақтағы тұрғындардың тіліне ортақ болуы – қарақалпақ жерінде тұратын қазақтардың этногенездік жағынан жақындықтарымен түсіндірілуге тиіс. Осы жөнінен алғанда Қарақалпақстанда тұратын қазақ говорын аралас говор немесе құранды говор деп атаса болады. Мұнымен қатар, зерттеліп отырған говорда, әсіресе қай салада болса да, қарақалпақ тілінің әсері байқалады.

Зерттеліп отырған говорда кездесетін жергілікті тілдік құбылыстарды өзге тілдің материалдарымен салыстырып қарағанымызда, олардың бірқатарының өзара ұқсас болып келетінін көреміз. Мұның бәрі сол тілдердің говорға тигізген әсерімен қатар, мұндай ұқсас құбылыстардың біразы оларға ортақ тарихи белгілердің бар екендігін аңғартады, өйткені олар көне түркі жазбаларының мағлұматтарымен сәйкес келіп жатады.

Біздің зерттеу жұмысымызға негіз болған материалдың көпшілігі Қарақалпақстанның солтүстік-шығыс аудандарында (Мойнақ, Тақтакөпір, Шымбай, Кегейлі, Қараөзек және салыстыру үшін Қоңырат ауданынан да жиналды). Мұнда сондай-ақ Қарақалпақстанның оңтүстігінде мекендейтін қазақтардың тілінен материалдар алынды.

Әдебиеттер

1. Аралбаев Ж. Қарақалпақ тілінің дауыссыз фонемалары. «Ученые записки КазГУ» вып. 3-том, 1958.
2. Аралбаев Ж. Қазақ фонетикасы бойынша этюдтер. Алматы. Ғылым. 1988.
3. Байжолов. Языковые особенности казахов Кустанайской области, Алма-Ата, 1964.
4. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. I. Материалы по диалектологии. Москва. 1951.
5. Бекетов Б. Қарақалпақ қазақтарының тілі. Алматы. Рауан. 1992.
6. Болатов Ж. Семей облысының Абай, Шұбартау аударында... «Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері» 2-шығ. 1960.
7. Дәулетов А. Хәзирги карақалпақ тили. Фонетика. -Нөкис: 2005.
8. Дәулетов А. Хәзирги карақалпақ тили. Фонетика. -Нөкис: Билим. 1999.
9. Дәулетов А. Хәзирги карақалпақ тили. Фонетика. -Нөкис: Билим: 1994.
10. Дәулетов А. Хәзирги карақалпақ әдебий тилинің дүзилиси. Нөкис. Билим. 1995.
11. Джунибеков А. Гласные казахского языка. Автореферат. дисс. канд. филолг. наук. -Алма-Ата. 1969.
12. Джунибеков А. Проблемы тюркской словесной прсодики и сингорманизма казахского языка. Автореф. док. дисс. Алма-Ата. 1988.
13. Джунибеков А. Сингорманизм в казахском языке. -Алма-Ата. 1980.
14. Джунибеков А. Строй казахского языка. Фонетика. -Алма-Ата. 1991.
15. Досмұхамедұлы Х. Қазақ-қырғыз тіліндегі сингорманизм заңы. Аламан. Алматы. Ана тілі. 1991.
16. Жүнісбек Ә. Қазақ фонетикасы. Алматы. Арыс. 2009. 6-бет.
17. Жүнісов Н. Халық тілінің жергілікті ерекшеліктері. Алматы. Мектеп. 1981.
18. Кононов А.Н. Грамматика современного узбекского литературного языка. М-Л, 1960.
19. Кононов А.Н. Родословная туркмен. М-Л, 1958.

20. Кононов А.Н. Грамматика современного турецкого литературного языка. М-Л, 1956.
21. Құрышжанов Ә. Қарақалпақ АССР-ында тұратын қазақтардың тіліндегі кейбір ерекшеліктер. Қазақ тілі тарихы мен диалектологиясының мәселелері. Алматы. Ғылым. 1963.
22. Құрышжанов Ә. Қазақ тіліндегі жергілікті ерекшеліктер. Алматы. Ғылым. 1973.
23. Қошғарий М. Девону луғот-ит турк. I т. Тошкент. Фан. 1960.
24. Омарбеков С. Қазақтың ауызекі тіліндегі жергілікті ерекшеліктер, Алматы, 1963.
25. Омарбеков С. Халықтық тіліміздегі тектес тілдермен ортақ құбылыстар. Алматы. Ғылым. 1978.
26. Омарбеков С. Қазақ тіл білімінің өзекті мәселелері. Алматы. Арыс. 2007.
27. Шалекенов У.Х. Казахи низовьев Амударьи. Ташкент. Фан. 1966.
28. Ысқақов А. Қазіргі қазақ тілі. Алматы. Ана тілі. 1991.
29. Хэзирки заман түркмен дили. Ашгабад. Илим. 1989.

МАЗМҰНЫ

Кіріспе

I. Негізгі бөлім

1. Қарақалпақстан қазақтары тілінің зерттелу тарихы_____6

II. Қарақалпақстан қазақтары тіліндегі лексикалық ерекшеліктер_____10

1. Говордағы сөздерді лексика-семантикалық топтарға топтастыру_____12

2. Синонимдер_____37

3. Көп мағыналы сөздер мен омонимдер_____41

4. Табу және эвфемизмдер_____45

Қорытынды

Әдебиеттер